ҚОҒАМ

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҰШҚЫШТЫҢ ЕСКЕРТКІШІНЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЙДЫ

2-бетте

АЙМАҚ

АЛАБАС ПЕН АЮЛЫҒА АУЫЗСУ БЕРІЛДІ

3-бетте

АҚПАРАТ

ТАЗАЛЫҚ БІЗДІҢ ӨМІР САЛТЫМЫЗ

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №54 (1913) 13 мамыр 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

«QAZAQSTAN BARYSY GRAND SLAM» ТУРНИРІН ТАМАШАЛАДЫ

Президент «Qazaqstan Barysy Grand Slam» дзюдодан халықаралық рейтинг турниріне барды. Турнирді Мемлекет басшысымен бірге Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) президенті Мариус Визер, Олимпиада чемпионы Елдос Сметов тамашалады.

Биыл бұл бәсекеге әлемнің 46 елінен үздік шыққан 358 спортшы қатысуда.

Қазақстандық дзюдошылар арасынан Ғұсман Қырғызбаев (-66 келі) пен Талғат Орынбасар (-60 келі) күміс, ал Мағжан Шамшадин (-60 келі), Аман Бақытжан (-60 келі), Есет Қуанов (-73 келі) және Абылайхан Жұбаназар (-81 келі) қола жүлде жеңіп алды.

Еске сала кетейік, Астанада осымен «Grand Slam» әлемдік сериясының жарыстары үшінші мәрте өтіп жатыр.

AKORDA.KZ.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫ ОРЫНДАЛУДА

АҚТАУДА ЖАҢҒЫРТЫЛҒАН «CASPI BITUM» ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Ақтауда «Caspi Bitum» БК» ЖШС-інің жаңғыртылған битум зауыты ресми түрде іске қосылды. Қазақстанның инфрақұрылымдық дамуы үшін стратегиялық маңызы бар нысан жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып отыр.

Жаңғырту нәтижесінде зауыттың жылдық мұнай өңдеу қуаты 50 пайызға артып, 1 миллион тоннадан 1,5 миллион тоннаға дейін ұлғайды. Бұл еліміздегі мұнай өңдеу көлемін арттыруға елеулі үлес қосады. Ең маңызды жетістік – стратегиялық өнім болып саналатын жол битумының өндірісі 50 пайызға артып, жылына 750 мың тоннаға жетті. Бұл Қазақстанның жол құрылысы мен жөндеу жұмыстарына қажетті сапалы битумға деген ішкі сұранысын толық дерлік өтеуге мүмкіндік, мемлекеттік бағдарламалар аясында жол инфрақұрылымын дамытуға серпін береді. Сонымен қатар, битум өндірісінің артуы импортқа тәуелділікті азайтып, ішкі нарықта жеткізілім мен бағаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл – бүкіл ел аумағындағы ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін өте маңызды.

Энергетика министрлігі Мұнайды тасымалдау және өңдеу департаментінің директоры Дәулет Арықбаевтың айтуынша, отандық битум өндірісінің 50 пайызға өсуі жол салу мен жөндеу қарқынын жеделдетуге, олардың сапасы мен ұзақмерзімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл – инфрақұрылымды дамытуға, логистиканы жақсартуға және түптеп келгенде, қазақстандықтардың өмір сапасын арттыруға салынған тікелей инвестиция. Аталған жоба – еліміздің мұнай өңдеу және мұнай-химия өнеркәсібін ұзақ мерзімді дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатқа сай, шикізаттық бағыттан терең өңдеуге көшудің айқын үлгісі.

ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

АУЫЛ КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ҚОСЫЛДЫ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мерекесі қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Сырдария ауданы Нағи Ілиясов ауылына газ қосу рәсімі өтті.

Оған Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Облыс әкімі тұрғындарды Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен және ауылдағы ағайын көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Сыр өңіріне жұмыс сапарында осы ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысып, «Нағи Ілиясов басқа ауылдарға да үлгі болуы қажет. Сондықтан өзге облыстар да ауылдарды осылай дамытады деп ойлаймын», деп жоғары бағасын берген болатын. Бұған дейін тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында жаңа дәрігерлік амбулатория, «Еңбек аллеясы» ашылған еді. Бүгін, міне, мерейлі мереке қарсаңында Нағи Ілиясов ауылын газға қосу рәсіміне жиналып отырмыз, – деген облыс әкімі ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтарды Алғысхатпен марапатталды.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен Мәжіліс депутаты Мұрат Ергешбаев құттықтауын жеткізіп, ел ағасы, Қызылорда облысының құрметті азаматы Ибрагим Әбибуллаев бата берді.

Бүгінде өңірді газбен қамту деңгейі 78 пайызға жетті. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 83 пайызға дейін арттыру жоспарланған.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ИНВЕСТИЦИЯ

ЖАМБЫЛДА БИЗНЕСКЕ ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖЕМІСІН БЕРУДЕ

Мемлекет басшысының жаңа инвестициялық циклды іске қосу тапсырмасы бойынша Жамбыл облысында өңір экономикасының негізгі салаларын қамтитын ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда.

2025 жылдың бірінші тоқсанында 120,5 миллиард теңге инвестиция тартылды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 37,1 пайызға артық. Өңірдің инвестициялық қоржынында жалпы құны 3,6 триллион теңге болатын 82 жоба бар. Бұл жобаларды іске асыру 10 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Биыл 175,2 миллиард теңгеге 1500 жұмыс орнын құра отырып, 30 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда.

Қазіргі уақытта «ЕуроХим – Тыңайтқыш» ЖШС (минералды тыңайтқыштар), «Qazaq Soda» ЖШС (кальцийлендірілген сода өндірісі), «Altynalmas Reagents» ЖШС (натрий цианиді өндірісі), «Шокпар – Гагаринское» ЖШС (алтын өндіріс), «Шагала Майнинг» ЖШС (мыс өндірісі) ірі жобаларды жүзеге асыруда. Өңірдің «Total Eren» (Франция) және «Masdar» (БАӘ) компанияларымен жел электр стансаларын салу жөніндегі ынтымақтастығы жасыл энергетика саласындағы халықаралық әріптестікті күшейтті. Ағымдағы жылдың 16 сәуірінде «Yonggang Central Asia Iron And Steel» ЖШС металлургиялық зауыттың, «Fufeng Group» ЖШС жүгеріні терең өңдейтін кәсіпорынның құрылысын бастады.

«Zhambyl Invest» дирекциясы инвестициялық жобаларды тарту мен іске асыруда шешуші рөл атқарады. «Бір терезе» қағидатын ұстана отырып, дирекция инвесторларға жобаның барлық кезеңдерінде идеядан іске асыруға дейін қолдау көрсетеді.

Бизнеске қолайлы жағдай жасау арқылы Жамбыл облысы шетелдік және отандық инвесторлар үшін тартымды аймақ ретіндегі ұстанымын нығайтып келеді.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ЖАЗЫЛЫМ - 2025

ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!
Республикалық «SALYQ TÁRTIBI» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны жалғасуда. Газетімізге кез келген Қазпошта бөлімшесі арқылы жазылуға болады.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
6 айға – 4 320,00 теңге
12 айға – 8 640,00 теңге

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
6 айға – 9 051,00 теңге
12 айға – 18 102,00 теңге

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН:
6 айға - 4 320,00 теңге.
12 айға - 8 640,00 теңге.
Жазылым индексі: 65604

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН:
6 айға – 4 620,00 теңге
12 айға - 9 240,00 теңге.
Жазылым индексі: 15604

Ел аумағындағы елеулі жаңалықтарды, өзекті мәселелерді тарқатып жазатын сүйікті басылымыңызға жазылуды ұмытпаңыз.

ҮКІМЕТ

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҰШҚЫШТЫҢ ЕСКЕРТКІШІНЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЙДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектенов Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу аясында аты аңызға айналған ұшқыш, ҚР авиация генерал-майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры Талғат Бигелдиновтің ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.

Талғат Бигелдинов соғыс жылдарында әуеде 500 сағатқа жуық ұшып, 305 рет әскери шабуылға шыққан, жаудың 7 ұшағы мен көптеген әскери техникасын талқандады. Сәтті орындалған барлау операцияларының нәтижесінде ол үздік әуе барлаушыларының бірі ретінде танылды. Батыр Қазақстанның азаматтық авиациясын дамытуға, инфрақұрылым салуға және кәсіби мамандар даярлауға зор үлес қосты.

Гүл шоқтарын қою рәсімі барысында соғыс жылдарында қаза тапқан жауынгерлер мен барша майдангерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

ВОКЗАЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТ САПАСЫ СЫН КӨТЕРЕ МЕ?

«Заң және тәртіп» қағидатын ілгерілету – құқықтық мемлекет қалыптастыру жолындағы маңызды міндеттердің бірі. Осы мақсатта елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайтуға бағытталған бастамалар жүзеге асып келеді. Солардың бірі – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» қозғалысы. Жуырда аталмыш қозғалыстың еріктілері теміржол вокзалындағы қызмет көрсету сапасына және жолаушылар пойыздарының техникалық жағдайына қоғамдық бақылау жүргізді.

Бақылау барысында волонтерлер вокзал аумағындағы бірқатар мәселелерді анықтады. Атап айтқанда, ақпараттық хабарландыру жүйесі тиісті деңгейде жұмыс істемейді: хабарландыру экраны мен радиожүйе істен шыққан. Қазіргі таңда диспетчерлер жолаушыларға қолға ұстайтын портативті радиоқұрылғылар арқылы ғана ақпарат таратып отыр. Бұл келушілердің толыққанды әрі тең дәрежеде ақпарат алуына кедергі келтіреді. Сонымен қатар, вокзалға кіріп-шығуға арналған қауіпсіздік құрылғылары істен шыққан. Мұндай техникалық ақаулар жолаушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіруі мүмкін.

Тағы бір өзекті мәселе – мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жасалған инфрақұрылымның жеткіліксіздігі. Арнайы жабдықталған әжетхана болғанымен, оның есігі әрдайым жабық тұрады, ал кілт тек әкімшілік қызметкерлерінде. Бұл – инклюзивті орта қалыптастырудағы жүйелік кемшіліктердің көрінісі.

Жолаушылар пойыздарының жағдайы да назардан тыс қалған жоқ. Волонтерлер «Қызылорда – Көкшетау» бағыты бойынша қатынайтын пойыздың кейбір вагондарында медициналық қобдишалар мүлде жоқ екенін, ал бар қобдишаларда қажетті дәрі-дәрмек толық емес екенін анықтады. Бұл төтенше жағдай туындаған жағдайда жолаушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретіні сөзсіз.

Анықталған барлық кемшіліктер бойынша тиісті ұсынымдар вокзал әкімшілігіне жолданды. Қоғамдық бақылаудың мақсаты – кемшіліктерді тауып, кінәлілерді жазалау емес, керісінше қызмет сапасын жақсартып, ашықтық пен жауапкершілік қағидаттарын орнықтыру.

Осындай бақылау жұмыстарының жүйелі жүргізілуі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың тиімді жұмыс істеуіне ықпал ететіні сөзсіз. Себебі, халықтың үнін естіп, нақты әрекетке көшу– сапалы қызметтің басты өлшемі.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

МАҚСАТ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУ

Мемлекеттік қызметтердің сапалы әрі қолжетімді болуы– азаматтардың билікке деген сенімін нығайтудың маңызды алғышарттарының бірі. Осы орайда, елімізде көрсетілетін қызмет сапасын арттыру, заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету бағытында түрлі бастамалар қолға алынып келеді. Соның бірі – мемлекеттік мекемелерге қоғамдық бақылау жүргізу тәжірибесі.

Жақында Жамбыл облысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы еріктілер тобы Халыққа қызмет көрсету орталығына арнайы барып, мекеменің жұмыс барысымен танысып қайтты. Басты мақсат – қызмет көрсету үдерісінің ашықтығы мен сапасын бағалау, сондай-ақ тұрмыстық жемқорлықтың алдын алу.

Қоғамдық бақылау аясында еріктілер орталықтағы қызмет түрлерінің көрсетілу тәртібін, ішкі жұмыс процесін, қызметкерлердің жауапкершілік деңгейі мен жұмысқа деген көзқарасын мұқият саралады. Ерекше назар – әлеуметтік әлжуаз топтарға, әсіресе мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жасалған жағдайларға аударылды. Ғимаратқа кіріп-шығу мүмкіндігі, бағыттаушы белгілердің қолайлылығы, ақпараттық тақталардың орналасуы – бәрі де егжей-тегжейлі зерттелді.

Тексеру барысында оң нәтиже көрсеткен тұстармен қатар, назар аударуды қажет ететін жайттар да тіркелді. Атап айтқанда, кейбір азаматтардың қызметкерлерге алғысын білдіру мақсатында сыйлық немесе өзге де «ниеттер» көрсетуге тырысатыны байқалды. Ал, бұл – сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудыратын факторлардың бірі. Тіпті, ол әрекет жақсы ниеттен туындаса да, мемлекеттік қызмет көрсетудің теңдік және ашықтық принциптеріне қайшы келеді.

Осыған байланысты, орталық қызметкерлеріне әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мемлекеттік қызметкердің басты міндеті – заң аясында қызмет етіп, қоғамның сенімін ақтау екенін әрбір маман терең сезінуі тиіс.

Мұндай қоғамдық бақылау шаралары мемлекеттік мекемелердің ашық әрі әділ қызмет атқаруына тың серпін береді. Ал, еріктілер бастамасы – қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтатын көпір іспетті.

Г. НАУРЫЗБАЕВА.
Жамбыл облысы.

ЖЕҢІС-80

ТАРАЗДА «БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ» МУЗЕЙІ АШЫЛДЫ

Биыл еліміз үшін тағылымы терең тарихи белес – Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен ерлік пен парасаттың символына айналған Кеңес Одағының Батыры, аты аңызға айналған қолбасшы, жазушы Бауыржан Момышұлының 115 жылдығы қатар келіп отыр. Осы қос мерейтой аясында Жамбыл облысында жаңа рухани нысан – «Бауыржан Момышұлы» музейі салтанатты түрде ашылды.

Облыс орталығындағы «Даңқ залы» кешенінің аумағында бой көтерген музейде халқымыздың ардақты ұлы Бауыржан Момышұлының өмір жолын, ерлік істерін және рухани мұрасын танытатын бірегей жәдігерлер топтастырылған. Ашылу салтанатына Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев қатысып, экспозициямен танысып, батырдың ұрпақтарымен жүздесті.

Музей-көрмеде Баукеңнің балалық шағынан бастап, әскери қызмет жолы, отбасылық өмірі мен шығармашылық кезеңі кеңінен қамтылған. Экспонаттар қатарында – полковник шеніндегі шинелі, өзі қолмен салған әскери карта, әйгілі «Ұшқан ұя» мен «Артымызда Мәскеу» шығармаларын жазған қаламы мен сиясауыты, жеке құжаттары мен фотосуреттері бар.

Сондай-ақ Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорынан алынған Бауыржан Момышұлының жеке маузері, Кеңес Одағының Батыры Алтын Жұлдызы мен Ленин орденінің көшірмелері, айдаһар бейнеленген қылыштың үлгісі, бейбіт күндері тұтынған ыдыс-аяқтары – күміс қасықтар, ағаш тостағандар, шөміштер, шай ішетін ыдыстар да орын алған.

Батырдың шығармашылықпен айналысқан жылдарына тиесілі 70-тен астам қолөнер бұйымдары, өзі ойып жасаған ою-өрнек альбомы, Құрмет грамоталары, «Ғасыр саңлағы» мен «Ғасыр қаһарманы» атақтарының берілгені жөніндегі құжаттар да көпшіліктің назарына ұсынылды.

Көрменің ең бір ерекше тұсы – батырдың жеке кабинетін жаңғырту арқылы жасалған көрме. Мұнда жазушы Тахауи Ахтанов пен ақын Әбділда Тәжібаев сияқты тұлғалар бас қосқан үстел, соғыс кезінде де жанынан тастамаған үстел шамы, компасы, сағаты мен фортепиано орналасқан. Бұл бұйымдар батырдың жан дүниесі мен тыныс-тіршілігін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Баукеңнің өмірінен сыр шертетін екі аса құнды жәдігер көрме төрінен орын алған. Оның бірі – 1932 жылы Қызыл Армия қатарына алғаш рет аттанғанда қолына алған, кейін 1956 жылы елге оралғанда өзімен бірге алып келген чемодан. Екіншісі – соғыс жылдарында басқарған әскери бөлімшелердің құпия құжаттары сақталған темір сейф. Маузердің дүміне Бауыржан Момышұлының есімі қашалып жазылған.

Айта кету керек, жуырда ҚР Бас прокуроры Берік Асылов пен Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің қатысуымен Жуалы ауданында орналасқан прокуратура ғимаратында даңқты батырдың мерейтойына орай мемориалдық тақтаның ашылу рәсімі өткен болатын.

Музейдің ашылуы – ескерткіш қана емес, ұрпаққа өнеге, ұлттық рухты ұлықтайтын тағылым мектебі. Бұл бастама – ұлы тұлғаның есімін ұлықтап, оның рухани-адамгершілік ұстанымдарын кейінгі буынға аманаттау жолындағы маңызды қадам.

А. ӘБІЛ.
Жамбыл облысы.

МӘҢГІЛІК ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

Жамбыл облысында Ұлы Жеңіс күніне орай ұйымдастырылған тағылымды іс-шаралар легі жалғасуда. Соның бірі – Бауыржан Момышұлы атындағы «Жеңіс» саябағында өткен «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қою рәсімі ерекше мәнге ие болды.

Салтанатты жиынға Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев қатысып, Екінші дүниежүзілік соғыста ерлікпен қаза тапқан жауынгерлер рухына тағзым етті. Бұл іс-шара ел ерлігін еске салып, ұлт рухын ұлықтаған маңызды сәттердің біріне айналды.

Мемориал маңына соғыс және тыл ардагерлері, олардың ұрпақтары, зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділері мен қала тұрғындары жиналды. Жиналған жұрт майдан даласында шейіт болған боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алып, олардың мәңгілік ерлігіне бас иді.

Рәсімге облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес пен саяси партиялардың өкілдері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, жоғары оқу орындарының ректорлары және этномәдени бірлестіктердің жетекшілері де қатысты. Бұл – елдің бірлігі мен тарихқа деген құрметтің көрінісі болды.

Жеңістің даңқты жолы – бүгінгі бейбіт өмірдің бағасын ұғындырып, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызды бағдары. Осындай шаралар арқылы біз ерлік пен жауынгерлік рухтың мәңгі өшпейтінін тағы бір мәрте дәлелдей түсеміз.

«ST» АҚПАРАТ.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ҰНТАҚТАР ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Арал ауданында «Ase Invest» тұрмысқа қажетті ұнтақтар өндіретін зауыттың ашылу рәсімі өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, зиялы қауым өкілдері мен аудан тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа зауыттың ашылуымен құттықтап, аймақтың кәсіпкерлік саласындағы жаңашылдықтарға тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мен инвестиция және бизнес саласындағы ахуалды жақсартуға, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға айрықша назар аударамын. Кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін бизнесті жүргізу мәселесіне қатысты заң қабылдадық. Қазір мемлекеттік бақылау жүйесін ретке келтіріп жатырмыз», деген болатын. Кәсіпкерлікті қолдауға 2022-2024 жылдары әртүрлі көздерден 206 миллиард теңге тартылып, 16 мың 700 жоба қаржыландырылды. Оның 40 миллиард 931 миллион теңгесі мемлекеттік бағдарлама аясында қолдау тапты. Бүгін «Ase Invest» серіктестігі іске қосатын зауытта шаруашылыққа қажетті ұнтақтар шығарылмақ. Жаңа зауыт құтты, жұмыстарыңыз сәтті, табысты болғай! – деген аймақ басшысы жаңашыл бастамаға ұйытқы болған компания өкілдерін Алғысхаттармен марапаттады.

Рәсімде Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Ергешбаев пен Мұрат Әбенов құттықтау сөз сөйледі.

Зауыт тәулігіне 22 тонна өнім өндіреді. Шығарылған өнімнің 50 пайызы экспортқа бағытталмақ. Жобаның екінші кезеңінде кәсіпорын ылғал майлықтар өндірісін жолға қоюды жоспарлаған. Цех жыл соңына дейін іске қосылады. Жаңа кәсіпорын 30 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЭКОЛОГИЯ ДА, ТҰРМЫС ТА ЖАҚСАРАДЫ

Текелі қаласында табиғи газ тарту жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Бұл ауқымды жоба қала тұрғындарының өмір сапасын арттырумен қатар, өңірдің экологиялық жағдайына да оң әсерін тигізеді деген сенім бар.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы тапсырыс берген жобаның құрылыс-монтаж жұмыстарының негізгі бөлігін «Алматы Production Construction Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестік бір ай көлемінде толығымен жүзеге асыруды өз мойнына алған. Мердігер компания атынан жобаға жетекшілік жасап отырған Жұмәділ Әбдрахмановтың айтуынша, қазіргі таңда құрылыс алаңында 17 арнайы техника мен 180-ге жуық маман жұмысқа кіріскен.

– Қала көлемінде табиғи газ желілерін тарту жұмыстары жоспарға сай жүріп жатыр. Моноқала тұрғындарының пікірлері мен ұсыныстарын ескеріп, арыз-шағымдарында айтылған ескертулерді реттеп отырмыз. Басты мақсат – жергілікті халыққа кедергі келтірмейтіндей сапалы әрі қауіпсіз құрылыс жүргізу, – дейді Жұмәділ Асқарұлы.

Жұмыс барысын бақылап отырған техникалық қадағалау мамандары да жобаның сапасына баса назар аударуда. «Қабылан эксперт» ЖШС директорының орынбасары Абылай Тоқтамысовтың сөзіне қарағанда құрылыс жұмыстары талапқа сай жүргізіліп келеді.

– Қазір қажетті құрылғылар орнатылып, қауіпсіздік талаптары мен құрылыс нормалары толықтай тексерілуде. Күнделікті бақылау арқылы біз құрылыс сапасын қадағалап отырмыз деп айта аламын, – дейді Тоқтамысов.

Бұл игі бастама тек тұрғындардың тұрмысын жеңілдетіп қана қоймай, тау қойнауындағы кенді қаланың экологиясын жақсартуға, ауаның тазалығын сақтауға үлес қосады. Бұрын көмірден шыққан түтін мен қалдықтар экологиялық ауыртпалыққа себеп болған еді. Енді «көгілдір отынның» келуімен бұл мәселе шешімін таппақ. Халықтың көптен күткен арманы осылайша ақиқатқа айналып отыр.

С. СҰЛТАНҒАЗЫ.
Жетісу облысы.

АУЫЛ АМАНАТЫ

ЖОБА АЯСЫНДА ЖАҢА НАУБАЙХАНА АШЫЛДЫ

Бүгінде мемлекет тарапынан шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға барынша көңіл бөлінуде. Осы орайда, бірқатар бағдарламалар мен жобалар қабылданып, жүзеге асып келеді. Соның бірі - «Ауыл аманаты» жобасы. Байыпты бастаманың нәтижесінде ауыл-аймақта тұратын ағайын өз істерін ашып, аграрлық бизнеске бет бұруда. Расында да бұл қолдаудың тиімділігі мол. Яғни, мемлекет тарапынан 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие беріледі. Оны өтеу мерзіміне де ыңғайлы кесте қарастырылған.

Сарысу ауданындағы Түркістан ауылдық округінің тұрғындары да осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейте түсуде. Жуырда Әшір Бүркітбаев ауылында нан өнімдерін шығаратын «Ел ырысы» наубайханасының ашылуы - осы сөзіміздің бір дәлелі.

Әрине, әрбір іс өздігінен атқарылмайды. Бұл жобаны бастауды ауыл тұрғыны, «Мейірлан» шаруа қожалығының төрағасы Мейрамхан Дүтбаев әбден ойластырып, ауылдасы Азат Бимбетовпен ақылдасты. Бұл ұсынысты Азат аға да ой-толғамынан өткізіп, саралай келе «Азат Б» ауылшаруашылық кооперативін құрды. Сөйтіп, екеуі мемлекеттен жеңілдікпен 29 миллион теңге несие алып, округ тұрғындарын нан өнімдерімен қамтамасыз ететін «Ел ырысы» наубайхана цехын бірлесіп ашты. Бұл наубайхана цехын ашуда кәсіпкер жігіттер агроөнеркәсіп саласында ұзақ уақыт бойы еңбек етіп келе жатқан Есенқұл ағамен көп ақылдасты. Есенқұл аға да өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, ақыл-кеңесін айтудан аянып қалған жоқ. Сөйтіп, іскер жігіттерге нақты бағыт-бағдар берді.

Осылайша өмірге келген наубайхана салтанатты түрде ашылды. «Бірлігіміз бекем, тірлігіміз көркем болсын!» деген ниетпен наубайханада алғашқы болып пісірілген бөлке нан, күлше нан, тоқаш, шелпек, самса, торт, тағы да басқа түрлі нан өнімдері ақ дастарханға қойылып, аймақтың үлкен қариялары арнайы шақырылды. Мерекелік ақ дастархан үстінде қариялар кәсіпкер жігіттер Азат пен Мейрамханға осы игі бастамалары үшін алғыстарын айтып, ақ баталарын берді.

Шағын цех толық жұмыс істей келе 5 адамды жұмыспен қамтымақ. Қазіргі таңда кішігірім кәсіп ашып, оның жұмысын одан әрі жандандырып, санаулы уақыт ішінде іргелі кәсіпорынға айналдыруға ешқандай кедергі жоқ. Бұл ретте бастысы қаражат емес, білім мен бірлік керек. Осылайша өңірде кәсіптің көзін таба білген тұрғындардың әл-ауқаты жақсарып, ауданымыздың экономикасы арта түспек.

Ж. БАЙЫСБЕКҰЛЫ.
Жамбыл облысы.

ІССАПАР

ӨНЕРКӘСІПТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЫСАНДАРМЕН ТАНЫСТЫ

Премьер-Министрдің кеңесшісі Ермек Маржықпаев жұмыс сапарымен Солтүстік Қазақстан облысында болып, өңірдің негізгі өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық нысандарымен танысты.

Елордалық мейман алдымен өңір басшысы Ғауез Нұрмұхамбетовпен бірге «Петропавл электротехникалық зауытына» барды. Зауыт осыдан төрт жыл бұрын жұмысын бастап, осы уақыт ішінде 10 мың трансформатор өндірген. Биылғы жоспар – 8 мың дана. Қазіргі уақытта кәсіпорында 200 адам еңбек етуде. Кәсіпорын құрғақ трансформаторлар өндірісін игеруді жоспарлап отыр.

«Маслодел» май экстракциялау зауыты да қарқынды дамып келеді. Ол жылына 400 мың тонна майлы дақылды өңдейді. Жобаға 34 миллиард теңге инвестиция салынған, 220 жаңа жұмыс орны ашылды. Кәсіпорын қазақстандық нарықты күнбағыс майымен қамтамасыз етіп, импортқа тәуелділікті азайтады.

«ЗИКСТО» зауыты жолаушылар вагондары мен платформаларын құрастыру үшін роботтандырылған технологияларды енгізуде. «Бұл мақсатта жаңа өндірістік корпус салынып жатыр. Сондай-ақ жартылай вагондар, мұнай өнімдеріне арналған цистерналар мен автокөлік тасымалдаушылар өндірісін игеру жоспарлануда», – деді өңір басшысы.

«Евразиан Милк» сүт зауыты өнім ассортиментін кеңейтіп, ірімшік, сарымай және қышқыл сүт өнімдерін шығарады. Қазіргі уақытта қоюландырылған сүт өндіруге арналған жаңа желі орнатылуда. 200-ден астам жұмыс орны құрылды.

«Қызылжар су» ЖШС су тазарту кешенінде Ермек Маржықпаевқа сумен жабдықтау саласындағы жобалардың жүзеге асырылуы туралы баяндалды. Бірінші көтергіш сорғы стансасының қайта жаңғыртылуы жүргізілуде. Еуропалық су астында жұмыс істей алатын жаңа агрегаттар орнатылды. Станса айналасындағы дамбаны нығайту үшін алғаш рет габиондық құрылымдар қолданылды, бұл бөгет тасқынға төтеп берді. Сондай-ақ тұрақты электрмен жабдықтау үшін жер астымен кабель төселді.

Сапар барысында инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру, озық технологияларды енгізу және облыстың өнеркәсіптік әлеуетін одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

АЛАБАС ПЕН АЮЛЫҒА АУЫЗСУ БЕРІЛДІ

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Бұқар жырау ауданы ауылдарын ауызсумен қамтамасыз ету ісі қауырт қолға алынып, өз нәтижесін бере бастады. Соның жарқын бір дәлелі – жақында өңірдің Алабас, Аюлы ауылдарына ауызсу құбырлары тартылып, іске қосылуы.

Аудан орталығынан 40 шақырым жатқан Алабас ауылының тұрғындары енді күнделікті ауызсудан тарықпайтын болды. Бұрын олар оны екі құдықтан алып, таситын. Бұл жұмыстар мұнда былтырдан басталып, жуырда осы нысанның аумағын қоршау мен абаттандыру аяқталып, осы жердегі барлық үйге ауызсу құбырлары тартылып бітті.

Алабаста орнатылған күн сәулесі панелдерімен жұмыс істейтін автоматтандырылған блоктік-модулдық сорғы станциясы электр жарығы сөніп қалған күннің өзінде де ауызсудың тоқтаусыз ағып тұруына мүмкіндік береді.

– Алабастықтар мердігерлердің ауызсу құбырларын тарту жұмыстарын сапалы жасап, оны үйлеріне кіргізіп бергендеріне дән риза, – дейді ауыл тұрғыны Құрман Кәрібаев.

Сол күні ауданның Аюлы ауылының тұрғындары да осындай қуанышқа кенеліп, көптен күткен таза ауызсуға қолдары жетті. Алдында алабастықтардың шаттығын бірге бөліскен аудан әкімі Ерлан Құсайын аюлылықтарды да осынау айтулы оқиғамен құттықтады.

– Аудан ауылдарына ауызсу жеткізу ісі мұнымен тоқтап қалмайды. Биыл бюджет қаржысы есебінен ауданның тағы да 6 елдімекенінде ауызсу құбырларын тарту жоспарланып отыр. Яғни, Волховское, Бірінші Май, Стан, Севан, Ескі Тұзды ауылдарының тұрғындары таза ауызсудың дәмін татады. Сонымен, жыл аяғына дейін Бұқар жырау ауданының ауылдары тегіс қажетті ауызсумен қамтамасыз етіледі, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі бөлімінің басшысы Бахтияр Жаңбырбаев.

Е. ИМАШ.
Қарағанды облысы.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

ТАЗАЛЫҚ БІЗДІҢ ӨМІР САЛТЫМЫЗ

Мемлекет басшысы жуырда өткен «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалінде «Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені, «Таза Қазақстан» бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз. «Жас келсе–іске» деп халқымыз бекер айтпаған. Баршаңызды табиғатты қорғау идеясы біріктіріп отыр. Сіздер бәріңіз бірге істеп жатқан жұмыстың арқасында бұл игі бастама осындай үлкен қозғалысқа айналды. Ортақ іске күш жұмылдыру дегеніміз – осы» деген болатын.

Бұл орайда Сыр өңірінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясындағы сенбілік жұмыстары жалғасуда. Оған қалада да, ауылдарда да тұрғындар белсенділікпен қатысып келеді.

Бұл жолы санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру жұмыстарына 130 мыңнан астам еріктілер, қоғам белсенділері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері қатысты. Көпшілік бір кісідей атсалысқан тазалық жұмыстарынан кейін 4000 тоннадан астам қоқыс қалдығы арнайы орындарға шығарылды. Елді мекендердегі сквелер мен парктер, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік нысандар, өнеркәсіп және бизнес нысандары, су объектілері мен көшелердің бойы тазартылды. Оған 400-ден астам техника жұмылдырылды.

Жыл басынан бері облыс аумағына жергілікті климатқа сай келетін, жерсінетін 99500 түп қарағаш, терек және Сыр талының көшеттері егілді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ЖОБА АЯСЫНДА

ТАРАЗ – ҚАУІПСІЗ ҚАЛА

Жамбыл облысының прокуроры Нұрғалым Әбдіров, Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков және қала прокуроры Нұржан Боранбаевтың қатысуымен «Қаратау» шағынауданы, №39 жатақхананың аумағында «Тараз – қауіпсіз қала» жобасы аясында көшпелі жиын өтті.

Алдымен сөз алған Нұрғалым Әбдіров басқосудың маңыздылығына тоқталды.

– «Тараз–қауіпсіз қала» жобасы бүгінде өз тиімділігін көрсетіп келеді. Әрине, кемшіліктердің де бар екені жасырын емес. Әсіресе, халық көп қоныстанған шағынаудандарда бұл мәселе толығымен өз шешімін таппауда. Сондықтан осындай жиындарды жиірек ұйымдастырып қана қоймай, тұрғындар арасында да түсіндіру жұмыстарын күшейтуіміз қажет,– деді прокурор.

Өз кезегінде қала әкімі аталған жоба аясында жүзеге асырылып жатқан іс-шараларды тілге тиек ете келе, бұл бағыттағы жұмыстар үздіксіз жалғасатынын жеткізді.

– Жылдың басында «Тараз – қауіпсіз қала» жобасын іске асыру іс-шаралары» жоспары бекітілген болатын. Жоспарға Тараз қаласының 1, 2, 5 шағынаудандары тұрғындарымен профилактикалық кездесу мен семинар өткізу және кездесу нәтижесі бойынша шара қабылдау тармағы енгізілген. Осы орайда, осы жылдың 24 қаңтарында №38 орта мектепте 1, 2, 5 шағынаудандары тұрғындарымен кездесу ұйымдастырылды. Жүздесу барысында туындаған сауалдарға тұшымды жауаптар беріліп, нақты тапсырмалар жүктелді. Шаһар аумағында қараусыз және иесіз жүрген иттерді аулау жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Тағы бір айта кетерлігі, «Қаратау» шағынауданы, №39 «А» мекенжайында орналасқан ғимарат осы аумақтағы қараусыз нысанға жатады. Онда белгілі тұрағы жоқ адамдар жиналып, тұрғындарға қауіп төндіріп отырғандықтан аталған ғимараттан «Отбасын қолдау орталығын» ашу жоспарланып отыр, – деді Бақытжан Әмірбекұлы.

Жиынды қорытындылаған Нұрғалым Әбдірұлы облыс орталығындағы қылмыстың алдын алу мақсатында учаскелік полиция инспекторлары тарапынан күнделікті бақылауды күшейту керектігін баса айтты.

«ST» АҚПАРАТ.

ДІН МЕН ДӘСТҮР

РУХАНИ ҮНДЕСТІКТІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Қазақ халқының рухани дүниетанымы мен ұлттық болмысы дін мен дәстүрдің өзара сабақтастығы арқылы қалыптасты. Ислам діні қазақ даласына VIII ғасырдан бастап тарала бастағанымен, ол бірден қабылданған жоқ. Уақыт өте келе ислам қағидаттары көшпелі өмір салтына бейімделіп, салт-дәстүрмен біте қайнасты. Бұл – қазақ халқының рухани икемділігі мен даналығының айғағы.

Мәселен, балаға ат қою дәстүрін алайық. Қазақтар нәресте дүниеге келгенде азан шақырып, есім береді. Бұл – исламның «азан айту» сүннетімен байланысты болса, екінші жағынан ол қазақы танымда баланың өмір есігін ашып, рухани жолға түсуінің алғашқы қадамы саналады.

Сол сияқты, сүндетке отырғызу дәстүрі де дін мен дәстүрдің тоғысқан тұсы. Бұл– ислам шариғаты бойынша орындалатын амал. Бірақ, қазақ халқы оны салтанатты түрде атап өтіп, той жасап, баланың азаматтыққа қадам басқанын білдіретін үлкен оқиға ретінде қабылдайды.

Марқұмға Құран бағыштау да – дін мен дәстүрдің бірігуінің көрінісі. Қазақта «жақсы сөз – жарым ырыс» деп, марқұмның рухына арнап Құран оқыту, жетісін, қырқын, жылын беру салты бар. Бұл – исламдағы дұға мен садақа амалдарын дәстүрлі форматта орындаудың үлгісі.

Қазақ қоғамында ата-ананы қадірлеу, үлкенге құрмет көрсету ұлттық тәрбиенің өзегі. Ал, бұл Құранда айтылған «ата-анаға жақсылық жасау» әмірімен толық үйлеседі (“Исра” сүресі, 23-аят). Дәл осы сияқты «жетім көрсең жебей жүр» деген нақыл Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) жетімге қамқор болу жайлы хадистерімен үндес.

Көпке дейін қазақ отбасыларында келіннің үлкендердің алдынан кесіп өтпеуі, дастарқанға бата берілмей тамаққа қол салмау секілді тәрбие көріністері сақталған. Бұл – тек дәстүр емес, ол діннің де әдеп нормаларына сәйкес келеді.

Бүгінде жаһандану мен кейбір сырттан келген діни ағымдардың әсері кей жастардың дәстүрге тосырқап қарауына әкеп соғуда. Бұл жағдай халықтың рухани тұтастығына қауіп төндіруі мүмкін. Осы орайда, дін мен дәстүрдің қайнары ортақ, мазмұны үндес екенін түсіндіру – ел болып атқарар іс.

Мешіттер мен медреселер, мектеп пен университет, телеарна мен әлеуметтік желілер – барлығы бір мақсатта, жастарға дін мен дәстүрдің үйлесімді үлгісін көрсету бағытында жұмыс істеуі керек.

Дін жүрекке иман ұялатса, дәстүр – сол иманды өмір салтына айналдыратын құрал. Екеуін бөліп қарау – тарих пен болмыстан қол үзу. Сондықтан дін мен дәстүрдің сабақтастығын сақтау – болашақ ұрпаққа бағыт пен тәрбие берудің ең сенімді жолы.

А. ҚАЛМЫРЗАЕВ,
Жамбыл облысы әкімдігі дін істері басқармасының дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі бөлімінің бас маманы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

ЖҰМЫС ЖҮЙЕЛІ НЕГІЗДЕ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында тұрақты негізде жұмыс жүргізуде. 2025 жылдың бірінші тоқсанында сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша 8 профилактикалық іс-шара өткізілді.

Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ресми сайтында (https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga/about/structure/departments/activity/4719/1?lang=ru) департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша азаматтарды жеке қабылдауға жазылу үшін телефон нөмірлері көрсетілген департамент басшысының және басшы орынбасарларының азаматтарды жеке қабылдау кестесі жарияланды. Қолжетімді орындарда орнатылған стендтерде департаменттің байланыс телефондары мен электрондық мекенжайы көрсетілген Әдеп жөніндегі уәкілдің деректері орналастырылған. Шағымдар мен ұсыныстарға арналған арнайы жәшіктер орнатылды.

Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жұмысының ашықтық және жариялылық қағидаттарын сақтау мақсатында азаматтардың, жұртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдарының департамент жүргізетін аудиторлық іс-шараларға қол жеткізу мүмкіндігі негізінде бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің сайтында бюджеттік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар нормалары және өзге де заңнамалар үнемі жарияланып отырады. Қызметтік әдеп нормаларының сақталуына, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйіне мониторинг жүргізу мақсатында әдеп жөніндегі уәкіл жартыжылда бір рет департамент қызметкерлеріне анонимді сауалнама жүргізеді.

Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты адамдармен мемлекеттік аудит объектісіне шыққанға дейін техникалық оқуды тіркеу журналына қол қойғызып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және басқа да нормативтік құқықтық актілердің сақталуы туралы нұсқама жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметке кірер алдында кандидаттарға қатысты мәліметтердің болуы бойынша Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына оларды қандай да бір жауапкершілікке (қылмыстық, әкімшілік) тарту туралы сұрау салулар жіберіледі.

Жыл сайын жартыжылдық қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау және департамент қызметіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген мониторингтің нәтижелері департаменттте лауазымды адамдардың лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған белгілі бір шаралар тұрақты, жүйелі негізде атқарылатынын көрсетіп отыр.

Ә. БАЙМАҒАМБЕТОВ,
Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының міндетін атқарушы.

ТЕАТР

ШЫМКЕНТ САХНАСЫНДА – «КОРОЛЬ ЛИР»

Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен құрылған Жастар театры жұмысын жаңаша серпінмен, рухты жаңғыртқан жобаларымен бастады. Театр басшысы Сержан Құттыбаев бастаған ұжым арнайы сахнасыз жұмыс істей отырып-ақ өз өнерімен мыңдаған көрерменнің жүрегіне жол тауып үлгерді. Олар сахнаның шымылдығын Болат Ұзақовтың «Жан дауа» қойылымымен ашса, енді, міне, өнердің шыңына – «Король Лирдің» ұлы трагедиясына қол созды. Бұл қойылым – қалалық рухани өмірдің шоқтығы биіктеген сәті болды.

Орыс драма театрының ғимаратындағы қойылымды Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков, Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Арман Жүдебаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мұрат Ахманов қала жұртшылығымен бірге тамашалады.

Бір сәт театрда көрермендердің тылсым тыныштығы орнап, сахнада – адам болмысының қопарылып, қақыраған тұңғиық трагедиясы өрбіді. Көрермен залындағы сиқырлы тыныштық астында көрермендер тек бір спектакльдің емес, тұтас адам болмысының сейсмикалық күйреуінің куәсіне айналды. Қойылым көрермендердің жүрегін сілкінтті. Лирді сомдаған актер эмоциялық апаттың барша шырғалаңынан шебер өтті. Ол асқақ билеушіден үмітсіздік пен ессіздікке ұшыраған бейшараға айналу процесін үрейлі шынайылықпен көрсетті. Гонерилья мен Регананың рөлдерін сомдаған әртістер мұздай қатігездігімен тәнті етсе, Корделияның үнсіз қайсарлығы айналаны қараңғылық басқан шақта шырақтай жарқырата алды.

Шекспирдің «Король Лирі» – жойқын, ішкі тереңдіктен шыққан күшпен сахналанып, көрермендерді демін ішінен алып, бір кездегі асқақ патшалық пен құдіретті ақылдың қираған жұрнақтарына жан-таласа жармасқан күйде қалдырып отырды. Қойылымның финалы, бірінен соң, бірі өрбіген өліммен аяқталып, бізді түбегейлі есеңгіретіп тастайды. Мұнда жеңіл әрі жұбатарлық кешірім де, тыныштық табу да жоқ. Керісінше, біз адамзаттың қайғы-қасіретімен, тәкаппарлық пен аңғалдықтың апатты салдарымен және ойсыраған күйде де сөнбейтін адалдық пен сүйіспеншіліктің мәңгілік қуатымен бетпе-бет қаламыз.

Сол себепті де «Король Лир» – жай ғана трагедия емес, биліктің нәзіктігін, алдаудың жанды жейтін табиғатын және адамның ең күйреген сәттеріндегі рухының тозбас күші туралы ащы әрі шынайы зерттеу десек те болар еді. Иә, көркем өнер – адам жанының ең терең қатпарларына үңілетін шебердің қолындағы құрал іспетті. Театр сахнасы сол өнердің шыңы десек, Шекспир трагедиялары– сол шыңдағы мәңгілік бәсеңсімес жаңғырық үні. Солардың бірі әрі бірегейі – «Король Лир». Адам болмысының ең шынайы, ең қайшылықты қырларын бейнелейтін ауыр да мәнді туынды. Ал, драматург қаламынан туған сөздің қуатын көрермен жүрегінің түбіне жеткізіп, сана биігіне шығаруы режиссердің ойынан туған сахналық шешім, актердің жанкешті ойынына байланысты. Себебі, актерлік шеберлік – жүректі қозғайтын үн. Әр актер өз тағдырын ойнағандай, әр сөзінде жүрек үнін жеткізетін рухани күрестің символы. Ол патша ғана емес, барлық ата-ана, барлық пенде, барша адамзаттың бойындағы ескірген даналық пен жасқаншақ сенімнің көрінісін суреттеп беруге тиіс.

Алдағы уақытта Шымкент Жастар театры көрермендерге Т.Миннулиннің «Диляфруздың төрт күйеуі», «Әнім сен едің...» музыкалық композициясы, М.Хасеновтың «Пай-пай жас жұбайлар» сынды жаңа туындыларды ұсынбақ. Сонымен қатар, М.Шахановтың «Сенім патшалығы», «Отырардың күйреуі», Ж.Омаровтың «Құлыншақ пен бөлтірік» ертегісі және «Шығыстың шайырлары» сынды жоғары көркемдік деңгейдегі шығармалары да көрерменге жол тартады. Жалынды жастардың өнер айдынындағы белесі театрды тәрбиенің ордасына айналдырып жатса, құба құп.

Ж. МҮСІЛІМ.
Шымкент қаласы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті **2025 жылғы 19 мамыр сағат: 11-00-де** «Tassay-Hub» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметіне арналған тариф жобасын қарау жөнінде жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдау мына мекен-жайда өткізіледі: Шымкент қаласы, Диваев көшесі, 148, 2 қабат.

Анықтама үшін телефондары: Департамент – 8 (7252) 32-15-07.

Республикалық «SALYQ TÁRTIBI» газетінің ұжымы Мойынқұм аудандық «Мойынқұм таңы» газетінің тілшісі

Қуаныш КӨБЕНҒАРАЕВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97
e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 303